

2019 жылға Атырау облысы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 17 шілдедегі № 146 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 4464 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 17-3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымның тізімдік санының бір пайыз мөлшерінде 2019 жылға Атырау облысы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квоталары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары С.Ж. Шапкеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғазев